


Aşağıda verilen metni okuyunuz, metnin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içeriği hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

Ермахан Ыбрайымов



Ермахан — 2000 жылы Сидней қаласында өткен Олимпиадада алтын медальға ие болған атақты боксшы. Ол 1972 жылы Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданында туған. Бокспен 13 жасында Тараз қаласында шұғылдана бастады. Алғашқы бапкері — Б.Қарсыбаев. Алматыдағы спорт интернатта Х.Дүсіповтің, Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетінде Ә.Нұрмахановтың жетекшілігімен жаттықты.

1996 жылы Атлантада (АҚШ) өткен XXVI жазғы олимпиадалық ойындардың қола жүлдегері болды. 1999 жылы Азия құрлығының ең үздік боксшысы атанды. 2002 жылдан бері бокстан Қазақстан құрама командасының бас бапкері. Сидней олимпиадасындағы жеңісі үшін бірінші дәрежелі “Барыс” орденімен марапатталды. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері.